

«Рауан» бөбекжай-баақшасы

*«Ұлттық ойын тәрбие құралы»
ұлттық ойын түрлерін ұйымдастыру*



Ересек «Нұршуақ» тобы

Тәрбиеші: Джумагазиева Г.Қ

2022 жыл



Ойынның мақсаты:

- балаларды қазақтың ұлттық салт-дәстүрлеріне баулу. Ойын арқылы балалардың адамгершілік, адалдық, әділдік сезімталдық қасиеттерін қалыптастыру. Балалардың тіл байлықтарын арттыру, сөздік қорларын дамыту;

«Көтермек»

Мақсаты: Балаларды ұлттық ойынмен таныстыру.

Ойын барысын түсіндіру.

Шыдамдылыққа, төзімділікке тәрбиелеу.

Ортаға екі ойыншы бала шығады. Бір-біріне арқаларын беріп тұрады.

Белгі бойынша кім біріні бірін- бірі арқада көтеріп алса, сол бала жеңіске жетеді.

Жеңіске жеткен бала ойында қала береді де басқа балалармен бірге күш сынасады.

«Орамал тастамақ»

Мақсаты: Балаларды ойын барысымен таныстыру.

Эстетикалық мәдениетін дамыту.

Еңбекқорлыққа, мәдениеттілікке тәрбиелеу.

Балалар шеңбер жасап тұрады. Бастаушы (тәрбиеші) балаларды айнала жүріп бір

баланың артына орамал тастап кетеді. Артына орамалды тастағанын сезген бала

менің артамда деп жауап береді. Артына орамалдың тасталғанын сезбесе ол

өлең, тақпақ айтып немесе билеп беруі керек.

Балалар шеңбер бойында көздерін жұмып тұруы керек. Ойын осылай жалғаса

береді.

«Түйілген орамал»

Мақсаты: Балаларды ұлттық ойын туралы түсінігінің болуы.

Шапшандылықтарын арттыру, сөздік қорларын дамыту.

Патриоттық сезімге тәрбиелеу.

Ойын жүргізуші ойынды өзі бастайды. Ең алдымен балаларды айналасына жинап

алады да «1, 2, 3» - деп дауыстайды. Осы кезде балалар жан-жаққа бытырай

қашады. Ал ойын жүргізушісі қолында түйілген орамалы бар баланы қуалайды. Ол

орамалды басқа біреуге лақтырады қағып алған бала қаша жөнеледі. Осылайша

ойын жүргізіледі, түйулі орамалды алғанша қуалай береді. Ұсталған ойыншы

көпшілік ұйғарымымен ортада тұрып өнер көрсетеді. Одан кейін ойын жүргізуші

ауыстырылады. Ойын ойнап болған соң балалар шеңбер жасап тұрады.

«Қара құлақ»

Мақсаты: Балаларды ұлттық ойынымен таныстыру.

Дене шынықтыруға деген қызығушылықтарын арттыру.

Тәртіптілікке, әдептілікке тәрбиелеу.


Ойынға 5-10 бала қатысады. Олар оңаша жерге топталып өз араларынан бір баланы

қазық етіп белгілейді. Қазық тұрған жерінде қозғалмай тұрады. Басқалары әрі

кетеді. Содан кейін ойынға қатысушылап қазықты алыстан қоршап бірте-бірте

жақындай түседі.

Таяп келіп мынау кім? – деп бір-бірінен сұрасады. Біреуі ойбай бұл қарақұлақ қой! -



деп қаша жөнеледі. Қалғандары да – қарақұлақ, қара құлақ! – деп бытырай қашады. Қарақұлақ біреуін ұстау үшін тұра қуады. Ұсталған бала қарақұлақ болып, ойын әрі қарай жалғасады.

«Қырықаяқ»

Мақсаты: Ойын балалардың қимыл бірлестігіне, бірлікке жауапкершілікке, ұйымшылдыққа тәрбиелейді.

Бұл ойын тегіс алаңды жерде, аулада, дене шынықтыру, спорт залдарында ойналады. Ойнаушылар орталарынан басқарушы тағайындап алады.

Басқарушының талап етуіне орай ойынға қатынасушылар тең екі топқа бөлінеді. Екі топтағы ойнаушылар да бірінің белінен бірі құшақтап қатар тұрысады. Олар тұрған жерден 25—30 метр қашықтықта көмбе белгіленеді. Басқарушының командасы бойынша екі топ та сол қалыптарымен аяқтарын тепе-тең алып жүгіре жөнеледі. Қай тап көмбеге бұрын жетсе, сол жеңіске ие болады. Басқарушы ойын тәртібінің бұзылмауын қадағалап тұрады. Ойын қайталанып отырады. Ойынды әбден игергеннен кейін басқарушыны жаңадан сайлап алады. Ойын жастарды қимыл бірлестігіне, коллектившілдікке, жауапкершілікке, ұйымшылдыққа тәрбиелейді.

«Бес тас»

Мақсаты: Елбасының «Рухани жаңғыру» бағдарламасын қолдау негізінде ұлттық ойындарды жаңғырту, дамыту. Ұлтымыздың барлық ұлттық салт-дәстүрлерін, мәдениетімізді, ұлттық рухымызды жаңғырту. Сөзді зейін қойып тыңдау, түсіну, және оған сәйкес дұрыс әрекет (қимыл, ым мен ишараны қолдану, іс-әрекет жасау)

Бестас ойыны 5 адам топ құрап ойнайды. Ойынға 5 домалақ тас немесе асық пайдаланылады. Ойынның мазмұны: Ойнаушылар ең алдымен, кім - кімнен кейін ойнайтынын өздері анықтайды. Ол үшін ойыншылар кезекпен бес тасты тобымен жоғары лақтырып, қолдың сыртымен тосып алады осы тәсілді бес рет қайталайды соңында алақанмен қаршып ұстайды. Қаршып ұстау дегеніміз – тасты қолды еңкейте жоғарыдан төмен қарай қағып алу. Лақтырылған бес тасты қолдың сыртымен тосып алу және қаршып алу кезінде бірнеше тас жерге түсіп кетуі мүмкін. Кім көп тас қаршып алса, сол бірінші ойнау кезегіне тұады.